

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ МОНГОЛ ТІЛДЕРІНДЕГІ АНАЛИТИКАЛЫҚ ТӘСІЛМЕН ЖАСАЛҒАН ЗАТ ЕСІМДЕР

Б. Хасен

магистр, Сүлейман Демирел атындағы университет, Алматы қ., Қазақстан

Адамзат танымы үшін бұрыннан өзіне таныс, қалыптасқан, санада орныққан атауды қатыстырып, ұқсас заттарға атау беру ыңғайлы. Сондықтан да сөзжасамның аналитикалық тәсілі әлемнің көптеген тілдеріне тән. Соның ішінде тарихы тамырлас, тілі туыстас болып келетін қазақ және монғол тілдерінде сөз тудырудың бұл тәсілінде екі тілге ортақ тілдік бірліктер мол кездеседі. Аналитикалық сөзжасам тәсілінің өзіне тән басты ерекшелігі – толық мағыналы сөздердің бірігуі арқылы жаңа номинация жасай алу қабілетінде. Бұл жерде екі түрлі мағына бірдей қатысып, ортақ сема, жаңа сема тудырады. Туындаған жаңа номинация екі мағынаның ешқайсысына бағынбай, жаңа туынды мағына жасайды. Аналитикалық сөзжасам тәсілін қарастырғанда жаңа мағына тудырушы сөздердің ішінен тірек компонент іздемейміз, себебі ол екі негіздің бірдей деңгейде қатысатыны жайлы айтылған [1;206-207].

Отызыншы жылдардан бергі жазылған түркі тілдерінің грамматикасын зерттеген еңбектерің барлығында сөздердің бірігуі, қосарлануы мен тіркесуін аналитикалық тәсіл ретінде қарастырады. Тіпті кейбір зерттеулер аналитикалық тәсілге сөз қысқартуды да қосты. Қазақ тілінің академиялық сөзжасамында аналитикалық тәсілдің төрт түрін көрсетеді: сөзқосым, қосарлану, тіркестіру және қысқарту [1;206]. Ғалым А.Салқынбай сөзжасамдық критерийлерге қысқарған сөздің жауап бере алмайтындығын айта отырып, былай дейді: «Қысқарған сөздің өзі туынды сөздердің басқа дыбыстарының, кейде буындарының қысқаруы арқылы жасалып, сол мағынаны еш өзгеріссіз бейнелейді. Қысқарған сөздер табиғатын дұрыс тану қажет, қысқартылған дыбыстық таңбалар арқылы екіншілік мағына туындамайды, яғни туынды сөз жасалмайды, екіншілік мағына бұл тұлғаның әуелгі сипатында болады. Қысқару процесінде, қысқару процесінен кейін де сөз мағынасында ешқандай өзгеру болмайды» [2; 21].

Сөздерді қысқартып алудың сөзжасам тәсіліне қате қосылып жүргендігі туралы ғалым С.Исаев та айтады [3; 279-280].

Әлбетте, ақпараттар легі толассыз аққан қазіргі ғылыми-техникалық дәуірдегі аббревиацияның ұтымдылығын жоққа шығармаймыз. Аббревиатура құбылысы – үнемдеуден туған, ықшамдалған шартты таңба. Бірақ қысқарту процесінде сөзжасамға тән басты белгі жаңа мағыналы сөз жасау жүзеге аспайды. Сондықтан да бұл мақаламызда қысқарту туралы сөз қозғамаймыз.

Монғол тіл білімінде зат есім сөзжасамының аналитикалық тәсілі «үг холбож жсинхэнэ нэр бүтээх» (сөз байланыстырып зат есім жасау) деген терминмен берілген. Монғол тілінде тілдегі ғылыми терминдерді таза монғол тілінде беру үрдісі жолға қойылған.

Қазақ тілінде сөзжасамдық бірігу тәсіліне ғалым Н.Оралбаева «сөзқосым» деген терминді қолданады [4]. Сөзжасамның бұл тәсілі жайында профессор Қ.Жұбанов отызыншы жылдарда өз мақаласын жариялады [5,6]. Қ.Жұбанов еңбектерінде қосымдар, кіріккен сөздер деген термин қолданылды. Ғалымның қосымдар деп отырғаны – екі не одан да көп жеке сөздің жалғау-жұрнақсыз бірігін жаңа сөз жасауы. Қ.Жұбанов өз зерттеуінде қазақ тіліндегі күрделі сөздердің екі түбірдің кірігуі, қаласуы (бірігуі) және қосарлануы арқылы жасалатынын айтады.

Қазақ тілінде түбірлері дыбыстық өзгеріске ұшырап кіріккен сөздер бар. «Қарлығаш» сөзі қазақ тілінде «қара», «ала» және «құс» деген үш сөздің кірігуі арқылы жасалған. Монғол тілінде «қарлығаш» сөзі «харааңай» деп аталады. «Ала» сөзі монғол тілінде «алаг» деп аталады. Ол «қара» сөзінің алдынан келеді. Мысалы, «хар алаг» емес, «алаг хар». Ал қазақ тілінде «қара ала» деп келеді, яғни «қара» сөзінен кейін келеді. «Құс» сөзі де «шувуу» деп аталады. Демек, «алаг хар шувуу» сөзінен «харааңай» сөзі жасалған деуге болмайды. Монғол тіліне «харааңай» (қарлығаш) түркі тілінен енген. «Қолған» сөзі монғол тілінде «бээлий» деп аталады. Қазақ тілінде де «биялай» деп қолғанты айтады. Байқағанымыздай, қазақ тіліндегі біріккен сөздердің барлығының баламасы монғол тілінде біріккен сөз бола бермейді.

Бірақ жалпы монғол тілдер тобына енетін бурят тілінде қазірде дара сөз ретінде танылатын кіріккен сөздер өте көп. Мысалға мынадай сөздерді атауға болады:

Үхибүүд – балалар. Үхин – қыз және хубүүд – ұлдар, екінші компоненттің бірінші буыны түсіп қалған;

Ламбагай – ескі қаратпа сөз. Лама – будда монахы және абгай – үлкенге қолданылатын

қаратпа сөз, екі ерін дауыссыздың арасындағы дауысты а айтылмай қалған;

Ажахы – шаруашылық. «*Ажа*» және «*ахы*» сөзінен жасалған, бір а дауыстысы түсіп қалған, «*ажа*» және «*ахы*» сөздері қазірде қолданылмайды.

Шаруашылық мағынасын беретін «*аж ахуй*» сөзі монғол тілінде бар. Монғол тілінде де «*аж*» сөзі жеке қолданылмағанымен мынадай күрделі сөздердің құрамында кезігеді: *аж амьдрал* - тіршілік, тұрмыс, *аж төөрөх* - тіршілік ету, *аж үйлдвэр* – өнеркәсіп. Ал «*ахуй*» сөзі жай, күй, хал деген мағынада жеке жұмсалады. Мұның өзі туыстас тілдер болса да монғол және бурят тілдерінің құрамындағы түбірлердің өлі немесе тірі екендігі бірдей деңгейде еместігін көрсетеді.

Қазақ тіліндегі біріккен сөздер монғол тілінде көп жағдайда түбір сөз ретінде келеді. Бұл сөздердің мағынасы қазақ тіліндегі біріккен сөздердің бір түбірінің мағынасына сәйкес келеді. Мысалы: «*аққу*» (*хун*) және «*ақсүйек*» (*цүү*) сөздерінде сын есім мен зат есім біріккен, монғол тілінде тек зат есім. «*Шекара*» (*хил*), «*сантыаяқ*» (*аяга*), «*қолбасшы*» (*жанжин*), «*тасбақа*» (*мэлхий*) сөздерінде зат есім мен зат есімнің бірігуінен жасалған сөздер - монғол тілінде тек дара зат есім.

Қазақ тілінің бірігіп жазылатын сөздері монғол тілінде бөлек жазылады. Мысалы: *Марал цэцэг* - маралгүл, *хар тамхи* - көкнәр, *хар малинга* - қаразығыр, *хөх дэглий* – көкқұтан, т.б.

«*Бор*» сөзі қазақ тілінде «*боз*, *сұр*» мағынасын береді. Бор сөзімен бөлек жазылатын сөздер қазақ тілінде бірігіп жазылады. Мысалы: *бор элгэгэ* – бозкілем, *бор таар* – аққанбақ, *бор хушуу* - қаратұмсық, *бор харх* – сұршұнақ, *бор улиас* - көктерек, т.б.

Тек бірігіп қана емес екі тілде де бөлек жазылатын күрделі зат есімдер бар. Мысалы: *бор туулай* - сұр қоян, *бор харгана* - боз қараған, *бор шаваг* - бұта жусан, *бор ул* - көк тал, *бор азрага* - көк торғай, т.б.

Қазақ тілінде дара сөз ретінде келетін монғол тіліндегі кейбір күрделі сөздер де бөлек жазылады. Мысалы: *бор гөрөөс* - елік; *бор шувуу* - торғай; *бор бургас* – шегершін, т.б.

Қазақ тілінде кездесетін «*қарақат*» сөзін біз дара сөз ретінде танып жүрміз. «*Қызылқат*» деген сөздің де кезігуі бұл сөздің күрделі түбір екендігін көрсетеді. Бұл сөздердің құрамындағы екінші компонент «*қат*» көне түркі тілінде «*жеміс*» ұғымын берген. Қазіргі монғол тілінде де «*хад*» жеміс ұғымында қолданылады. «*Хад*» сөзінің дербес сөз ретінде қолданылуына қарамастан, «*жисм*» (жеміс) сөзі де кезігеді. «*Хад*» түбірі ұйытқы сөз ретінде сөз тудырмайды. Ал «*жисм*» сөзінің сөз тудыруға қабілеті жоғары. Мысалы: *жисм-гэнэ* – бүлдірген, *жисм-лэг* -жемісті, *жисм-лэх* –жемістену, *жисм-эрхүү* - жемісті, *жисм-эрхэх* - жемісті, *жисм-сэг* -жеміс құмар. «*Жисм*» сөзінің сөз жасауға қабілеттілігін өзінің де синтетикалық тәсілмен жасалуынан деуге болады (*жес-м, жес-міс, жес-ит*).

Қарақат, *қызылқат* тәрізді өсімдік, жан-жануар, құс атауларының біріккен я күрделі сөзден жасалуы – екі тілге де ортақ құбылыс. Мұндай сөздерді екі тілден өте көптеп кездестіруге болады. Әсіресе, алғашқы компоненті сын есім, екінші компоненті зат есім болатын күрделі зат есімдер өте мол.

Қазақ тілінде «*қара*» сөзінің қосылуы арқылы мынадай зат есімдер туындаған: *қарабай*, *қарабалық*, *қарабарақ*, *қарабарқын*, *қарабас*, *қарабидай*, *қаработа*, *қарабүлдірген*, *қараған*, *қарагаш*, *қаражусан*, *қаракөз* (балық), *қаракузен*, *қаракуйе*, *қарақал*, *қарақоға*, *қарақия*, *қарақоғыр*, *қарақу*, *қарақұйрық*, *қарақұлақ*, *қарақұмық*, *қарақұр*, *қарақұрт*, *қарақұс*, *қараандыз*, т.б.

Монғол тілінде де «*хар*» (қара) сын есімінің көмегімен жасалған зат есімдер өте көп. Қазақ тілінде де, монғол тілінде де бөлек жазылатын жағдайлар мол кездеседі. Мысалы: *хар дэл* - қара жал, *хар гургуул* - қара қырғауыл, *хар тогоруу* -қара тырна, т.б.

Сонымен қатар монғол тілінде қазақ тіліндегідей тұлғасы жағынан қос сөзге, біріккен сөзге ұқсас сөздер болғанымен, емледе барлығын сөз тіркесі тәрізді бөлек жазу қалыптасқан. Қос сөзді дефиспен жазу деген ереже мүлде жоқ. Түгел бөлек жазылғандықтан, емледе қиындық туғызбайды. Ал қазақ тілінде зат есімдерді жіктеуде тіркескен сөз бен біріккен сөздің ара жігін жазуға қарап ажырату мүмкін емес. Орфографиялық сөздікке көз жүгірткенде, төмендегідей келенсіздікті байқауға болады:

Бірге жазылғандар:	Бөлек жазылғандар:
<i>қарақосық</i>	<i>қара ажырақ</i>
<i>қарабүлдірген</i>	<i>қара алма</i>
<i>қаражеміс</i>	<i>қара андыз</i>
<i>қаражидек</i>	<i>қара арша</i>

да екі тілге ортақ. Мысалы: *өндөр нам - ұзын-қысқа, халуун хүйтэн - ыстық-суық, хол ойр - алыс-жақын, үнэн худал - шын-өтірік, хатуу зөөлөн - қатты-жұмсақ, эцэг-эх - ата-ана, т.б.*

Бір-біріне мағынасы жуық сөздер, синонимдер де қосарланып келіп қос сөз жасайды. Мысалы: *чоно нохой - қасқыр-ит, арга хэмтээ - айла-шарт, т.б.*

Қазақ тілінде бір компонентінің мағынасы көмескіленген қос сөздер де кездеседі. Мысалы: *абысын-ажын, кемпір-кепіш, тоқты-торым, қыл-қыбыр, емін-еркін, койлек-көншек, көрші-қолаң, бала-шаға, жүн-жұрқа, арық-тұрық, темір-терсек, т.б.*

«Абысын» сөзі ағайынды адамдардың әйелдеріне қолданылатын туыстық атау ретінде жеке қолданылса, «ажын» сөзі жеке тұрғанда мағынасы жоқ. Ал монғол тілінде «ажин» сөзі жеке жұмсалады және «авьсан ажин» тіркесінің құрамына да кіреді. Сол сияқты, *қыз-қырқын, қатын-қалаш, жігіт-желең, шал-шоқпыт, кемпір-кепіш* қос сөздері бар.

«Кемпір-кепіш» сөзінің екінші мағынасыз сыңарына ұқсас монғол тіліндегі «хөп шид» сөзі *кәрілер* деген мағынаны білдіреді.

Біз «қыл-қыбыр» сөзінің де соңғы компонентін жеке пайдаланбаймыз. Ал монғол тілінде «хөөвөр» деп жылқы мен сиырдың ұяң жүнін айтады. Тілімізде жиі қолданылып жүрген «құда-құдағи» сөзінің монғолша баламасы «худ худгуй», ал батыс диалектілерінде «құдағи» сөзінің «құдағай» формасы кезігеді [7; 46].

Сондай-ақ қазақ тіліндегі «тоқты-торым» зат есімінің құрамындағы «торым» сөзі монғол тілінде *тайлақ* мағынасында қолданылады. Махмұд Қашқари сөздігінде «торым» деп түйенің *ботасын* атағандығы айтылады. Қазіргі түрік тілінде *екі жасар ботасы, тайлақ* деген мағынасында да сақталған.

Көп жағдайда қазақ тілінде көнерген элементтер монғол тілінде белсенді қолданылуы немесе керісінше жағдайды байқаймыз.

Қазақ және монғол тілдеріндегі біріккен, кіріккен, тіркескен, қос сөздердің ара жігін ажыратып, екі тілдегі элементтерді салыстыра сараптағанда кейбір сөздердің этимологиясын айқындауға, сөзжасам барысында көмескіленген сөздің басқы қалпын, формасын анықтауға мүмкіндік бар. Себебі екі тілдегі зат есімдердің белсенділік деңгейі бірдей емес. Тілдегі бірліктерді түбегейлі, жан-жақты, тиянақты салыстыра қарастыру екі тіл үшін де ұтымды болары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазіргі қазақ тілі сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. -368 бет.
2. Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). – Алматы: Қазақ университеті, 2000. - 309 бет.
3. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. -340 бет.
4. Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы. - 1984. -№3.-Б. 31-39.
5. Жұбанов Қ. Қазақ тілінің грамматикасы. -Алматы, 1936.
6. Жұбанов Қ, Шылаулар, қос сөздер, біріккен сөздер // Ауыл мұғалімі. -1937. -№3.
7. Сарыбаев Ш., Нақысбеков О. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. – Алматы: Ғылым, 1989. -192 бет.

Summary

This article describes the analytical methods of word compositions in modern Kazakh and Mongolian languages